

Бекітемін: *Асақ*
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ, ТАБИҒАТ ӘЛЕМІ»

(МАД «Алтын сақа» тобының ұйымдастырылған іс-әрекеті)



Тәрбиеші: Орысбаева А

Таушық ауылы, 28.11.2024ж

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Әлемет

Ұйымдастырылған іс-әрекет: тақырыбы : «Адалдық алаңы» , «Табиғат әлемі»

ҰІӘ мақсаты: Қоршаған ортаға деген көзқарасын кеңейтіп, табиғатты сүйюге, қамқор бола білуге , табиғат байлығын ,сұлулығын сезіне білуге сурет көрінісін әңгімелеп, бейнелей білуге үйрету.

Көрнекіліктер: Табиғатқа байланысты суреттер, жылдың төрт мезгілі.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, түсіндіру,оқу , әңгімелеу.

Тәрбиеші: Балалар көңіл күйлерің қалай ?

Жылулық шеңбері:

Біз қандаймыз, қандаймыз,
Шұғылалы таңдаймыз.
Күлімдеген күндейміз,
Ренжуді білмейміз.
Қуанамын менде,
Қуанасын сенде.
Қуанайық достарым,
Арайлап атқан күнге.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар енді бәріміз күнге қарайықшы

-Күн бізге не береді?

Сәуле ,жарық , жылу береді

Олай болса күнмен амандасып алайық.

Сәндетіп даламыз

Сәулеттік аламыз

Сәлем күн анамыз!

-Алдымен балалар мен сендерге табиғат әлеміне байланысты жұмбақтар жасырайын. Осы жұмбақтардың жауабы біздің жаңашық оқу іс-әрекетімізге байланысты.



Бір зат бар дүниеде құшағы кең
Ұшқан құс, жүйріген оқ бәріне тең
Адамзат, жанжануар соның арқасында
Мәңгілік өсіп өнеген. (Жер)



Таңмен көзін ашады
Әлемге нұрын шашады (Күн)

Тәрбиеші: -Балалар адамдар күннің жарығы және жылуынсыз өмір сүре алама?

-Ал жануарлар мен өсімдіктер ше?

-Әрине жоқ жер бетіндегі барлық тіршілік иелеріне сәуле, жарық, жылу өте қажет балалар.



Дәміде жоқ, түсінде жоқ
Пайдаланбас кісі дежоқ. (ауа)

Ал ауасыз тіршілік етуге болама?

-Жоқ өмір сүре алмайды.

-Жан-жануарларға да, адамдарға да күннің сәулесі өте қажет. Жарайсыңдар балалар. Жұмбақтың шешуін дұрыс таптыңдар?-Балалар бүгінгі біздің ашық оқу іс-әрекетіміздің тақырыбы «Адалдық алаңы», «Табиғат әлемі» деп аталады. Ендеше біздер бүгін осы бізге өмір сыйлаған, қоршаған орта табиғат туралы сыр шертеміз. Алдымен мен сендерге Н.Жанаев атамыздың «Табиғат анамыз» деген өлең жолдарын оқып берейін.

Табиғат ол анамыз

Табиғатқа баламыз

Құшағында ойнаймыз

Шаттық әнге саламыз

Өлеңнің мазмұнын түсіндіру.

Өлеңде не туралы айтылған?

-Табиғат екіге бөлінеді

-Өлі табиғат және тірі табиғат

Балалар қоректенбейтін, тыныс алмайтын, ештеңені сезбейтін, өспейтін нәрселерді біздер өлі табиғатқа жатқызамыз. Өлі табиғатқа ауа, су, күн, жер, тау, тастар жатады. Ал тірі табиғатқа жаны бар заттар жатқызамыз. Тірі табиғатқа адамдар, жануарлар, өсімдіктер жатады. Табиғаттың төрт жыл мезгілдері бар.



Суретпен жұмыс. (Сұрақ-жауап)

- Қай мезгіл деп ойлайсыңдар?
- Балалар қыс мезгілінің белгілерін білеміз бе.
- Қыс мезгілінде неше ай бар.

«Желтоқсан- жылдың аяғы, қыстың басы суық, ызғарлы». «Қаңтар- жылдың басы, қыстың ортасы, ол ең қарлы ай, бұл айда қатты аяз болады». «Ақпан- жел мен боранның айы. Бұл айда ең ауыр, әрі суық, дүлей боран соғады».

- ✓ Қыс айында қандай ойындар ойнайсыңдар.
- ✓ Балалар мынаненің суреті?
- ✓ Аққала неден жасалады?
- ✓ Қардың түсі қандай?
- ✓ Қар мұздай ма, жылы ма?
- ✓ Аққала неше бөліктен тұрады?
- ✓ Оның бөліктерінің пішіндері қандай?

Сергіту сәті: Аққала әні.

Қорытынды: 1. Табиғат қанша бөліктен тұрады?

2. Өлі және тірі табиғатқа нелер жатады?

3. Бір жылда неше мезгіл бар? – төрт мезгіл бар

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Табиғатты қорғап, оны аялау керектігін

Түсінеді: Жер бетінде қай адам баласы болсын мейлі жан-жануар болсын, өсімдік болсын қай затқада ауасыз, күнсіз, сусыз, тіршілік жоқ екенін